

**Қызыл кітапқа
енген өсімдіктер:**

- 
- Жоспар:
 - Кіріспе
 - Негізгі бөлім
 - 1.« Қызыл кітап» жайлы мәлімет
 - 2. Қазақстан Республикасындағы « Қызыл кітапқа»
енген өсімдіктер түрлері
 - 3.Сирек кездестін өсімдік түрлері
 - Қорытынды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЗЫЛ КІТАБЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Қазақстанның Қызыл кітабы – Қазақстан Республикасы аумағында жойылып кету қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің сипаттамасы берілген арнайы басылым. 1978 жылдан шығарыла бастады. Оның омыртқалы жануарларға арналған бірінші бөлімі жеке кітап болып 1978 ж. жарық көрді. “Қазақстанның қызыл кітабының” екінші бөлімі 1981 ж. өсімдіктерге арналып шығарылды. “Қазақстанның қызыл кітабының” бірінші басылымына тіркелген өсімдіктер мен жануарлар түрлері екі категория бойынша: А категориясы – жойылып кету қаупі төнген түрлер; Б категориясы – сирек кездесетін түрлер деп берілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛ КІТАБЫ



КРАСНАЯ КНИГА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE RED DATA BOOK
OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN

- Өсімдіктерге арналған Қазақстанның “Қызыл кітабы ” 1981 жылы жарық көрді. Бұл кітапқа өсімдіктердің 303 түрі сипатталған.
- Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктер түрлерін атап өтсек: ақ түкті астрагал, альберт құртқашашы, алтай қасқыржидегі, ақ тұңғиық, ақсары жуа, алтай раушаны, ақжолақ сасыр, альберт қызғалдағы, берік сүттіген, бор сылдыршөп, дәрмене жусан, кавказ таудағаны, кәдімгі емен, қаратау шөмішгүлі, қопал астрагалы, қаратау түйетабаны, қаратау ұшқаты, зайсан лақсасы, т.б.

ҚЫЗЫЛ кітап

Жануарлар мен өсімдіктердің
жай түрлеріне қауіп төнгені туралы
ақпарат береді.

Жануарлар мен өсімдіктердің
сирек түрлерімен танысуға
шақырады.



Жануарлар мен өсімдіктерге
қауіп төнгенін ескертеді.

Жануарлар мен өсімдіктердің
сирек түрлерін сақтауға кеңес
береді.



Қызыл кітапқа енген “Таушымылдық” гүлі

- ❖ **Таушымылдық** – сарғалдақтар тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер
- ❖ Қазақстанның шығысындағы таулы, орманды аудандарда кездеседі.
- ❖ Бұлардың биіктігі 40 – 80 см. Тамыры бұтақты әрі жуан, қоңыр түсті,
- ❖ Салмағы 5 – 6 кг болады.
- ❖ Таушымылдықтың тұнбасы тәбет ашады, асқазан сөлінің қышқылын арттырады, астын қорытылуын жақсартады, жүйкені тыныштандырады.



Дәрмене



- Биіктігі 18 – 30 см. Өзіне тән аңқыған өткір иісі бар. Улы өсімдік.
- Тамыры ағаштанып кеткен, өзекті, қара-қоңыр түсті.
- Жапырақтары кезек орналасқан, сызықты жиеленген. Гүлдеу кезіне қарай көбі түсіп қалады.
- Гүлдері майда, 2-3 мм, қос жынысты. Гүлшоғыры - себетше.

Ақ тұңғиық (лат. *Nymphaea alba*) – **Тұңғиықтар** тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін су өсімдігі. Өңдеу. Қазақстанда сирек өседі. Негізінен батыс аймақтарында (Батыс Қазақстан облысы) таралған. Су астындағы **жүрек** тәрізді, сопақша, тамыр сабағы топыраққа төселіп, кейде дөңгелек жапырақтары су бетіне жайылып өседі. Өңдеу. Жұмыртқа тәрізді гүлі сопақтау, күлтелері көп желекті, **ақ** түсті болады. Тұқымынан және өсімді (вегетативті) жолмен көбейеді.





Қызғалдақ жұлсаңыз, қылмысты боласыз
«Қызыл кітапқа» енген әрбір өсімдікті жұлғаны үшін жауапқа
тартылатынын көпшілік біле бермейді. Мәселен, кез келген адам
қызғалдақты жұлу кезінде қолға
түссе, онда ҚР Қылмыстық кодексінің 290-бабымен қылмыстық
жауапкершілікке
тартылады. Заң талабы бойынша, бір бас қызғалдақты жұлғаны үшін 7 060
теңгеге дейін
айыппұл төлейді. Қатып қалған қағида емес, бұл айлық есептік көрсеткіш
бойынша жыл
сайын өзгеріп отырады. Істі қарау барысында тағы да қосымша айыппұл
салынуы мүмкін.



Айлауық (лат. *Onosma*)

— айлауықтар тұқымдасына жататын екі немесе көп жылдық шөптесін өсімдіктер, кейде бұта; өсімдіктер туысы. Дүние жүзінде Жерорта теңізі маңында, Батыс және Орта Азияда, Батыс Қытайда өсетін 150-дей түрі белгілі. Қазақстанда 10 түрі анықталған, топырақ талғамайды, тастақты, сортаңды жерлерде де өсе береді. Жиі кездесетін түрі — гмелина Айлауығы (*Onosma gmelini*). Айлауық — халық медицинасында дәрілік өсімдік, кейде бал арасы үшін қолдан өсіріледі. Аналық айлауық (*Onosma stamineum*) деген түрі Солтүстік Үстіртте өте сирек кездесетін түр болғандықтан қорғауға алынып, «Қызыл кітабына» енгізілген.



тұқымдасына жататын бір не көп жылдық шөптесін өсімдік.

Қазақстанда далалы, шөлейт және таулы аудандарда тараған 11 түрі бар.^[1] Ең

маңызды сортына дәрілік Апиын көкнәрі (*P. somniferum*) жатады: ол Қазақстанның оңтүстік мен таулы аудандарда өседі. Оның піспеген қауашағының шырынынан дәрі алынады. Піскен Көкнәр

тұқымында алкалоид болмайды, бірақ майы көп (55%). Көкнәрдің биіктігі 20 – 90 см. Сабағы жіңішке, түкті жапырағы жалпақ, гүлдері ақ, сары, қызыл қызғылт, гүл сағағы ұзын, олар шар тәрізді гүлшоғырына топталған. Шілде – тамыз айларында гүлдеп, жемістенеді. Жемісі – көп тұқымды қауашақ. Көкнәрда сүт тәрізді ақ шырын болады. Сондай-ақ республикада тоты Көкнәрін (*P. pavoninum*) бояу өндірісінде пайдаланады.

Егістікте арамшөп ретінде сеппе Көкнәр (*P. rhoeas*) кездеседі. Қазақстанда өте сирек кездесетін жіңішке көкнәр

Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген



Көктем жанаргүлі — сарғалдақтар тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық шөптесін өсімдік. Биіктігі 20 см-ге дейін. Сабағын қоңыр қабыршақтар жауып тұрады, қабыршақтарына жаңару бүрлері орналасады. Жапырақтары сағақсыз, ашық сары түсті үлкен гүлкүлтелі гүлдері жалғыз, қоңыр тамыр сабағы бар. Тұқымынан және тамырсабағы арқылы вегетативті жолмен көбейеді. Мамыр айында гүлдеп, шілдеде, жеміс береді. Жемісі күрделі, көптеген біртұқымды жаңғақшалардан тұрады. Көктем жанаргүлі - сирек кездесетін еуроазиялық далалық түр. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген



- **Ірі ақжапырақ** (лат. *Jurinea robusta*) – астралылар жататын көп жылдық өсімдік. Іле Алатауында, Шу-Іле тауларында кездеседі. Биіктігі 40 см-ге жетеді. Тамыры жуан, қалың түкті. Сабағы әдетте тік, сирек тармақталған. Жапырақтары қалың жасыл түсті, жұмыртқа пішінді, ірі, қатты, бүтін жиекті. Дегелек жапырағы қысқа сағағына жиналған. Себеті ірі, біреу ғана, ұзындығы 4 см; жапырақшалары көп, қандауыртікен тәрізді. Күлтесі алқызыл түсті, ұзындығы 3-4 см. Маусым-шілдеде гүлдеп, шілде-тамызда жеміс салады. Жемісі — дәнек, ұзындығы 7-9 мм; айдаршасы ақ түсті, ұзындығы 20 мм. Тұқымынан көбейеді. Сирек кездесетін, эндемик және реликт түр. Сәндік үшін өсіріледі. Қазақстанның "Қызыл кітабына" енгізілген